

**"Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 30 тамыздағы № 965 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

*К. Мәсімов*

Жоба

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЗАҢЫ «  
Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Қазақстан  
Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер енгізу туралы**

**1-бап.** «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» 1995 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 23, 145-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 4, 44-құжат; 1999 ж., № 10, 344-құжат; 2004 ж., № 22, 129-құжат; 2007 ж., № 12, 84-құжат) мынадай өзгерістер е н г і з і л с і н :

1) 9-бап мынадай редакцияда жазылсын:  
«9-бап. Республика Үкіметінің құзыреті  
Р е с п у б л и к а                      Ү к і м е т і :

1) мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының, оның қорғаныс қабілетінің, қауіпсіздігінің, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуінің негізгі бағыттарын әзірлейді және олардың жүзеге асырылуын ұйымдастырады;

2) мемлекеттік бағдарламаларды Қазақстан Республикасының Президентіне б е к і т у г е е н г і з е д і ;

3) әлеуметтік-экономикалық даму болжамын мақұлдайды;

4) Республиканың сыртқы саясатын жүргізу жөніндегі шараларды әзірлейді;

5) Республика Президенті айқындайтын тәртіппен республикалық бюджетті әзірлеуге және өзгертуге қатысады, Парламентке республикалық бюджетті және оның атқарылуы туралы есепті ұсынады, бюджеттің атқарылуын қамтамасыз етеді;

6) Республиканың қаржы жүйесін нығайту жөніндегі шараларды әзірлейді және жүзеге асырады; мемлекеттік валюта, қаржы және материалдық ресурстарды жасақтау мен пайдалануда заңдылықтың сақталуын мемлекеттік бақылауды қамтамасыз етеді;

7) құрылымдық және инвестициялық саясатты жүзеге асырады;

8) мемлекеттік баға белгілеу саясатын әзірлейді; мемлекет реттейтін бағалар қолданылатын өнімдер, тауарлар және көрсетілетін қызметтер номенклатурасын белгілейді;

9) мемлекеттік меншікті басқаруды ұйымдастырады, оны пайдалану жөніндегі шараларды әзірлейді және жүзеге асырады, мемлекеттік меншік құқығын қорғауды қамтамасыз етеді;

10) еңбекке ақы төлеу, азаматтардың әлеуметтік қорғалуы, мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру мен әлеуметтік сақтандыру жүйесін және шарттарын қалыптастырады;

11) мемлекеттік өңірлік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді; өңіраралық проблемалар мен өңірлердің әлеуметтік-экономикалық даму мәселелерін шешуді қамтамасыз етеді;

12) ғылым мен техниканы, жаңа технологияларды енгізуді, мәдениетті, білім беруді, денсаулық сақтауды, туризм мен спортты дамыту жөніндегі мемлекеттік саясатты қалыптастырады;

13) табиғи ресурстар мен қоршаған табиғи ортаны тиімді пайдалануды және қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды әзірлейді және жүзеге асырады;

14) құқықтық саясатты іске асыруды қамтамасыз етеді, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау және сақтау, заңдылық пен құқық тәртібін, Республиканың қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілетін, Республиканың аумақтық тұтастығы мен мемлекеттік шекарасын күзетуді қамтамасыз ету жөніндегі шараларды әзірлейді және жүзеге асырады;

15) келіссөздер жүргізу және үкіметаралық келісімдерге қол қою туралы шешімдер қабылдайды; Республиканың шет мемлекеттермен, халықаралық және өңірлік ұйымдармен өзара қарым-қатынасын дамытуды қамтамасыз етеді; сыртқы экономикалық саясатты іске асыру жөнінде шаралар әзірлейді; сыртқы сауданы дамыту жөнінде шаралар қабылдайды; халықаралық қаржы ұйымдарымен ынтымақтастықты және өзара іс-қимыл жасауды жүзеге асырады;

16) өзіне Конституциямен, заңдармен және Президент актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.»;

2) 19-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Республика Премьер-Министрі:

1) Үкіметтің жұмысын ұйымдастырады және Үкімет мүшелерінің арасындағы қызметтік міндеттерді бөледі;

2) Республика Президентімен, Парламентпен, Конституциялық Кеңеспен, Жоғарғы Сотпен, Бас прокуратурамен, басқа мемлекеттік органдармен қарым-қатынаста

Үкіметтің атынан өкілдік етеді немесе Үкімет атынан өкілдік етуді тапсырады;

3) халықаралық қатынастарда Үкімет атынан өкілдік етеді немесе Үкімет атынан өкілдік етуді тапсырады және мемлекетаралық шарттар мен келісімдерге қол қояды;

4) Республика Президентіне: Үкіметтің құрылымы мен құрамы; министрліктерді, Үкімет құрамына кірмейтін орталық атқарушы органдарды құру, қайта құру және тарату; сыртқы істер, қорғаныс, ішкі істер, әділет министрлерін қоспағанда, министр қызметіне тағайындау үшін кандидатуралар жөнінде; сыртқы істер, қорғаныс, ішкі істер, әділет министрлерін қоспағанда, министрді, оның ішінде Үкімет жүргізіп отырған саясатпен келіспейтін немесе оны жүргізбей отырған министрді қызметтен босату туралы ұсыныстар енгізеді;

5) Республиканың мемлекеттік бюджеті есебінен ұсталатын барлық органдар үшін қаржыландырудың және қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеудің бірыңғай жүйесін Қазақстан Республикасының Президентіне бекітуге ұсынады;

6) Президентке Үкімет қызметінің негізгі бағыттары туралы баяндап отырады;

7) Үкімет мүшелерінің, орталық және жергілікті атқарушы органдар басшыларының есебін тыңдап отырады;

8) Үкімет жанындағы консультативтік-кеңесші органдарды құрады және таратады;

9) Үкіметтің қызметін ұйымдастыруға және оған басшылық жасауға байланысты басқа да функцияларды орындайды.»;

3) 22-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«Министрлік тиісті мемлекеттік басқару саласына (аясына) басшылықты, сондай-ақ заңдармен көзделген шекте – салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын Республика орталық атқарушы органы болып табылады.

Министрлік өз құзыреті шегінде стратегиялық, реттеу, іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асырады.»;

4) 23-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«23-бап. Үкімет құрамына кірмейтін орталық атқарушы орган

1. Үкіметтің құрамына кірмейтін орталық атқарушы органды Республика Премьер-Министрінің ұсынысы бойынша Республика Президенті құрады, қайта ұйымдастырады және таратады.

Үкіметтің құрамына кірмейтін орталық атқарушы орган стратегиялық, реттеу, іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асырады.

2. Үкіметтің құрамына кірмейтін орталық атқарушы орган мемлекеттік басқарудың тиісті саласына (аясына) басшылықты, сондай-ақ заңнамада көзделген шекте – салаларалық үйлестіруді жүзеге асырады.

3. Үкіметтің құрамына кірмейтін орталық атқарушы органның құрылымын жауапты хатшы бекітеді және әдетте, департаменттер мен басқармалардан тұрады.

Үкіметтің құрамына кірмейтін орталық атқарушы орган департаменттері мен басқармаларының жиынтығы Үкіметтің құрамына кірмейтін орталық атқарушы

органның аппараты болып табылады.

4. Үкіметтің құрамына кірмейтін орталық атқарушы орган басшысының жанынан алқа құрылады, ол консультациялық-кеңесші орган болып табылады. Алқаның сандық және дербес құрамын Үкіметтің құрамына кірмейтін орталық атқарушы органның б а с ш ы с ы б е к і т е д і .

5. Үкіметтің құрамына кірмейтін орталық атқарушы орган басшысының бұйрықтары Үкіметтің құрамына кірмейтін орталық атқарушы органның актілері б о л ы п т а б ы л а д ы . » ;

5) 24-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Ведомство Республиканың орталық атқарушы органының құзыреті шегінде реттеу, іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыра алады, сондай-ақ ведомство құзыреті шегінде орталық атқарушы органның стратегиялық функцияларын орындауға қатыса алады.».

**2-бап.** Осы Конституциялық заң алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*